# Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1498 Қаулысы

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 62-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары бекітілсін.
2. Осы қаулы 2011 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 31 желтоқсандағы № 1498 қаулысымен бекітілген

## Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің 2011 - 2015 жылдарға арналған стратегиялық жоспары Мазмұны

1. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің миссиясы мен пайымдауы
2. Ағымдағы жағдайды талдау және тиісті қызмет салаларының даму үрдістері
3. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және көрсеткіштер нәтижелері
4. Функционалдық мүмкіндіктерді дамыту
5. Ведомствоаралық өзара іс-қимыл
6. Тәуекелдерді басқару
7. Бюджеттік бағдарламалар

## 1-бөлім. Миссиясы мен пайымдауы

Миссия - статистика саласында пайдаланушылардың (халық, бизнес, мемлекеттік органдар және халықаралық ұйымдар) сапалы статистикалық ақпаратқа қажеттілігін барынша қанағаттандыруға бағытталған мемлекеттік саясатты қалыптастыру және іске асыру.

Пайымдауы - статистика саласында халықаралық стандарттарға сәйкес келетін және қазіргі заманауи ақпараттық технологияларды қолданатын кәсіби статистикалық қызмет.

## 2-бөлім. Ағымдағы жағдайды талдау және тиісті қызмет салаларының даму үрдістері

1. Дамудың негізгі параметрлері

Белгілі болғандай, мемлекеттік статистиканың дамуы Қазақстан Республикасы дамуының стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге, мемлекеттік органдар жүйесі қызметінің тиімділігін арттыру үшін жағдайлар жасауға бағытталған және бағдарламалық құжаттар мен Президенттің Қазақстан Республикасы халқына жыл сайынғы жолдауларын ақпараттық-статистикалық қамтамасыз етуге қабілетті деп танылды.

2010 жылғы 19 наурызда «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңы, сондай-ақ «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік статистика және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңы қабылданды.

Мемлекеттік статистика жүйесінің нормативтік-құқықтық базасын жетілдіру бойынша жүргізілген жұмыс статистикалық және статистикалық емес қызметтердің ара жігін ажыратуға, статистиканың сапасын арттыруға, әкімшілік дереккөздерді пайдалану арқылы респонденттерге түсетін жүктемені төмендетуге мүмкіндік береді.

Қазақстан Республикасының Статистика Агенттігінің негізгі стратегиялық басымдықтарының бірі статистикалық әдіснаманы жетілдіру болып табылады, оның шеңберінде ағымдағы жылы қолданыстағы және жаңа 17 статистикалық әдіснамалық ережелер мен әдістерді әзірлеуді қайта қарау жоспарлануда.

Мыңжылдықтың даму мақсатына қол жеткізу прогресін мониторингілеу мақсатында халықты Мульти-индикаторлық кластерлік тексеруді жүргізу жоспарланып отыр.

«Doing Business» халықаралық рейтингінде Қазақстанның ұстанымын жақсарту жөніндегі жұмыстар мақсатында «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік статистика және салық салу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен Қазақстан Республикасы заңнамасынан кәсіпкерлік субъектілердің құрылтай құжаттарымен қатар статистикалық карточканы міндетті ұсынуын көздейтін нормаларды алып тастау көзделді.

Осы түзетулерді енгізу нәтижесінде 2010 жылғы 16 сәуірден бастап заңды тұлғаларды тіркеу (қайта тіркеу) және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркеу (қайта тіркеу) барысында тіркелетін субъектілерге статистикалық карточканы беру жойылды.

Осылайша, Мемлекеттік статистикалық тіркелімге есепке қою және бірыңғайланған , сәйкестендірілген және өзге де жүйелік - есепке алу кодтарын беру құжатсыз, яғни Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Заңды тұлғалар» мемлекеттік дерек қорынан электронды түрде келіп түсетін ақпарат негізінде жүргізіледі.

Деректерді жинаудың және өңдеудің қазіргі заманғы тәсілдерін енгізу бөлігінде заманауи технологияларды қолдану арқылы Агенттіктің ақпараттық инфрақұрылымын елеулі дамыту қажет.

Электрондық дерек алмасуды қамтамасыз ету үшін «е-үкіметті» енгізу жөніндегі шараларға сәйкес әкімшілік деректерді статистика органдарымен статистикалық ақпарат өндірісінде пайдалануға болатын мемлекеттік органдардың қолданыстағы ақпараттық жүйелерімен интеграциялау бойынша алдағы уақытта жұмыстар жүргізіледі.

Статистикалық деректерді жинау, өңдеу және тарату процестерін автоматтандырудың жаңа деңгейімен қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін « е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесін жасау және енгізу жөнінде жұмыстар жүргізу жоспарлануда.

Сондай-ақ, Агенттік мемлекеттік статистикаға деген сенім деңгейін арттыруға баса назар аударатын болады.

Кез келген орган қызметі көрсеткіштерінің бірі, ұсынылатын қызметтердің үнемі жоғарылатуды талап ететін сапасы болып табылады. Өзге мемлекеттермен салыстырғанда Қазақстан Республикасында Мемлекеттік статистикаға деген сенім деңгейі және деректерді сапамен қанағаттандыру дәрежесі салыстырмалы түрде жоғары емес болып табылады.

Оған қоса, шет мемлекеттерде (Норвегия, Канада, Австралия) статистикалық көрсеткіштерді өндіру үшін барлық әкімшілік дереккөздердің деректерін заңнамалық, технологиялық және ұйымдық деңгейлерде толық пайдалану қамтамасыз етілген, бұл сондай-ақ респонденттерге түсетін жүктемені төмендетуге ықпал етеді ( кәсіпорындардың мемлекеттік органдарға тапсыратын есептерінің санын азайту).

ҚР Статистика агенттігінің сайтына пайдаланушылар өтініштерінің санын ұлғайту мақсатында Агенттіктің интернет-ресурсы жетілдіріледі. Ішкі процестер жетілдірілді және статистикалық ақпаратты қалыптастыру рәсімдерінің айқындығы қамтамасыз етілетін болады.

2. Негізгі проблемаларды талдау:

1) статистикалық көрсеткіштерді әзірлеу үшін әкімшілік көздердің деректерін жеткіліксіз пайдалану. Халықаралық статистикалық сала стандарттарында жаңа көріністердің туындауы құрылымдық статистика көрсеткіштерін есептеу әдіснамасы саласындағы қолданыстағы стандарттарды жетілдіру қажеттілігін көрсетеді.

2) қолда бар әкімшілік деректерді жеткілікті пайдаланбау және көрсеткіштердің жекелеген топтары бойынша алғашқы деректерді өңдеу әдіснамасының және

статистикалық нысандардың күрделілігі есебінен респонденттерге жоғары жүктеме. Бұдан басқа, әртүрлі мемлекеттік органдардың және тіркелімдік жүйелер мен ішінара байқаулардың жеткіліксіз қолданылуы мен ұқсас көрсеткіштер жинаудың қайталануы орын алып отыр.

3) ресми статистикалық деректерге сенімнің және пайдаланушыларды қанағаттандыру дәрежесінің жеткіліксіз деңгейі.

Агенттіктің ақпараттық инфрақұрылымы төмендегідей сипатталады:

1) телекоммуникациялық инфрақұрылымның нашар дамуы, бұл сыртқы пайдаланушылармен дерек алмасуды қиындатады;

2) қолданыстағы ақпараттық жүйелер әдіснамада өзгерістер болған жағдайда тез бейімделуді жүзеге асыруға мүмкіндік бермейді;

3) Агенттіктің құрылымдық бөлімшелері мен мемлекеттік органдар арасындағы келісілген электрондық дерек алмасудың болмауы;

4) деректерді өңдеу соңғы 10 жыл ішінде әзірленген және айтарлықтай жаңартуды қажет ететін шамамен 200 бағдарламалық кешенді қолдана отырып жүзеге асырылады;

5) пайдаланушылар Агенттіктің басқаруындағы қолда бар деректер мен статистикалық байқаулардың қамтуын кеңейту мүмкіндіктері немесе ауқымы туралы жеткілікті ақпараттандырылмаған.

3. Негізгі сыртқы және ішкі факторларды бағалау

Қалыптасқан жағдайды талдау негізінде 2015 жылға дейінгі кезеңге ұлттық шоттар жүйесінің (бұдан әрі - ҰШЖ) жедел дамуының негізгі бағыттары анықталды. Бұл:

1) «ҰШЖ 2008» жаңа халықаралық стандартын енгізу;

2) ҰШЖ ішінде жекелеген есептеулер арасындағы салыстырымдылықты жоғарылату;

3) салааралық баланстың айтарлықтай нақтыланған есептеулеріне өту.

Нәтижесінде макроэкономикалық көрсеткіштердің ғана емес, сондай-ақ экономика салаларының құрылымын және даму серпінін көрсететін салалық көрсеткіштердің сапасын жоғарылату жоспарлануда.

«е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйелерді енгізу ағымдағы және келешектегі мұқтаждықтарға бейімделуге қабілетті ақпараттың интеграцияланған желісін ағымдағы сыртқы және ішкі факторлар есебінен құруға және іске асыруға мүмкіндік береді.

1) Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес алғашқы статистикалық деректердің құпиялылығын қамтамасыз ету үшін байланыстың қорғалған арналарын ұйымдастыру;

2) нақты уақыт режимінде жұмыс істейтін сапалы қызмет көрсету;

3) статистикалық ақпаратты пайдаланушыларға (халыққа, бизнеске, қоғамдық және мемлекеттік органдарға) «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйелерді ресурстарына кең қол жетімділікті ұсыну.

Бұдан басқа, пайдаланушылар біріктірілген статистикалық деректерді оңтайлы интерфейс арқылы алуға мүмкіндік алады, мұның өзінде ақпараттық-талдамалық жүйе және геоақпараттық жүйе пайдаланушыға қажетті кестелік, графикалық және географикалық көріністегі ақпараттың қажетті бөлінісін алуға мүмкіндік береді.

Сондай-ақ, әкімшілік көздерден деректерді алу арқылы респонденттерге жүктемені төмендетуге болады. Көптеген мемлекеттік органдарда талап етілетін ақпарат бар, әкімшілік көздерден деректерді алу тіркелімдік кіші жүйелерді өзекті ету көзі болып табылады. Осы ақпарат біріктірілген статистикалық көрсеткіштерді одан әрі өңдеу және қалыптастыру үшін әкімшілік дерекқорда жиналатын болады.

## 3-бөлім. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері

1. Стратегиялық бағыттар, мақсаттар, міндеттер, нысаналы индикаторлар, іс-шаралар және нәтижелер көрсеткіштері

Ескерту. 1-кіші бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.04.05 № 370, 2011.12.06 N 1477, 2011.12.30 № 1666, 2012.12.24 № 1667, 2012.12.29 № 1745 (2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі); 26.08.2013 N 850, 31.12.2013 № 1485 қаулыларымен.

1-стратегиялық бағыт. Ұсынылатын ақпараттың сапасын арттыру

1.1-мақсат. Экономиканың барлық аяларын, салаларын сапалы көрсеткіштермен қамтамасыз ету және статистикалық деректерді түзуді оңтайландыру

Ескерту. 1-1-мақсаттың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.30 № 1666; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1485 қаулыларымен.

| Нысаналы индикатор (Қол жеткізудің соңғы мерзімін (кезеңін) көрсете отырып) | | Ақпараттың дереккөзі | Өлш. бірл. | Есепті кезең | Ағымдағы жылдың жоспары | Жоспарлы кезеңде | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | 2009 | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 |
| 1 | | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1 | Алдын-ала және есепті деректер бойынша ҰШЖ көрсеткіштерінің есептеулеріндегі номиналды айырмашылықтар | Жедел ақпарат | айырмашылықтар % | 7 | 6 | 5 | 4,5 | 4 | 3,5 | 3 |
| 2 | Әртүрлі әдістермен есептелген ҰШЖ көрсеткіштерініңесептеулеріндегі номиналды айырмашылықтар | Жедел ақпарат | айырмашылықтар % | 7 | 6 | 5 | 4,5 | 4 | 3,5 | 3 |
| 1.1.1-міндет Статистикалық әдіснаманы және құралдарды жетілдіру | | | | | | | | | | |
| Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері | | Ақпараттың дереккөзі | Өлш. бірл. | 2009 | 2010 | Жоспарлы кезең | | | | |
| | | | | | | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 |
| 1 | | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Жалпы ішкі өнімнің мөлшеріне, құрылымына және өсу қарқынына әсер ететін 2008 ҰШЖ-ға сәйкес әзірленген және қайта қаралған әдіснамалық ұсынымдар үлесі | Әдіснамалық ұсынымдар | қайта қаралған әдіснамалардың жалпы санынан % | | | 29 | 58 | 79 | 93 | 100 |
| 2 | Пайдаланушылардың талаптарына сәйкес енгізілген құрылымдық статистика көрсеткіштерінің үлесі | Әдіснамалық ұсынымдар | % | | | 20 | 40 | 60 | 80 | 100 |
| 3 | Статистика салалары бойынша енгізілетін жаңа статистикалық байқаулар саны | Статистикалық жарияланымдар | бірл. | 11 | 3 | 5 | 3 | 3 | 2 | 3 |
| 4 | Халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жаңа статистикалық көрсеткіштердің саны | Статистикалық жарияланымдар | бірл. | 97 | 48 | 33 | 17 | 22 | 10 | 7 |

| Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар | | Жоспарлы кезеңде іске асыру мерзімі | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 |
| | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | ҰШЖ-да және салалық статистика бойынша жаңа әдістемелерді әзірлеу және қолданыстағы әдістемелерді қайта қарау | Х | Х | Х | Х | Х |
| 2 | Құрылымдық статистика көрсеткіштерін есептеу әдіснамасын жетілдіру | Х | Х | Х | Х | Х |
| 3 | Әдіснаманы жақсартуға арналған ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу | | Х | | Х | Х |
| 4 | Салалық статистика бойынша енгізілген статистикалық әдістемелердің саны | Х | Х | Х | Х | Х |
| 5 | Жаңа статистикалық байқауларды енгізу | Х | Х | Х | Х | Х |
| 6 | Жаңа статистикалық көрсеткіштерді енгізу және қолда бар статистикалық көрсеткіштердің салғастырымдылығын арттыру | Х | Х | Х | Х | Х |
| 7 | Әзірлеу (қайта бекіту): | | | | | |
| | экономикалық қызмет түрлерінің жалпы жіктеуіші | | Х | | | |
| | экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімдердің мемлекеттік жіктеуіші | | | Х | | |
| | негізгі қорлардың мемлекеттік жіктеуіші | | | | Х | |
| | әкімшілік-аумақтық объектілердің мемлекеттік жіктеуіші | | | | Х | |
| 8 | Байқауларды жаппай әдістен іріктемелі әдіске ауыстыру | Х | | | | Х |

Ескерту. 1.1.2-міндет алынып тасталды - ҚР Үкіметінің 2011.12.30 № 1666 Қаулысымен.

1.2-мақсат. «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесін жасау және енгізу арқылы деректердің өңдеу жүйесін дамыту

Ескерту. 1-2-мақсаттың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.30 № 1666, өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 31.12.2013 № 1485 қаулыларымен.

| | | | | | Жоспарлы кезеңде | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | | | |

| Нысаналы индикатор (қол жеткізудің соңғы мерзімін ( кезеңін) көрсете отырып) | | Ақпараттың дереккөзі | Өлш. бірл. | 2009 | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1 | Әкімшілік дереккөздермен өзара іс-қимыл үдерістерін автоматтандыру деңгейі | Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің қызметі туралы жылдық есеп | % | 12 | 33 | 83 | 91 | 95 | 100 | |

1.2.1-міндет. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу, енгізу және дамыту

| Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері | | Ақпараттың дереккөзі | Өлш. бірл. | 2009 | 2010 | Жоспарлы кезең | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 |
| 1 | | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1 | Жалпымемлекеттік статистикалық байқаулардың статистикалық нысандары жөніндегі, статистикалық деректерді өңдеу және талдау жөніндегі есептерді жинау бойынша статистикалық тіркелімдердің енгізілген ақпараттық жүйелердің саны | Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің қызметі туралы жылдық есеп | бірл. | 2 | | 2 | 4 | 3 | | |
| 2 | Пайдаланушыларға статистикалық ақпаратты ұсыну бойынша корпоративтік қолдануға және ақпараттық жүйелер үшін енгізілген ақпараттық жүйелердің саны | Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің қызметі туралы жылдық есеп | бірл. | | | | | 5 | | |
| 3 | Статистикалық нысандардың электрондық форматтағы саны | Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің қызметі туралы жылдық есеп | Статистикалық есептің нысаны , бірл. | 8 | 53 | 63 | 73 | 125 | | |
| 4 | Басқа мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен деректерді электрондық алмасу үшін интеграциялау және өзара іс-қимылдар | Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі мен орталық мемлекеттік органдар арасындағы бірлескен бұйрықтар | бірл. | 3 | 5 | 12 | 2 | 6 | 3 | 2 |

| Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар | | Жоспарлы кезеңде іске асыру мерзімі | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 |
| | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Тіркелімдік ақпараттық жүйелерді және «Метадеректер» ақпараттық жүйесін әзірлеу және енгізу | х | х | х | | |
| 2 | «on-line режимінде деректерді жинау» ақпараттық жүйесін әзірлеу және енгізу | х | х | х | | |
| 3 | Мыналарды жасау және енгізу: | | | | | |
| | «Бастапқы статистикалық деректерді сақтау» ақпараттық жүйесін | х | х | | | |
| | «Әкімшілік деректер» дерек қорын | х | х | | | |
| | «Бастапқы статистикалық және әкімшілік ақпараттарды өңдеу» ақпараттық жүйесін | х | х | х | | |
| | Ақпараттық-талдау жүйесі және «Агрегатталған көрсеткіштер» дерек қорын | х | х | х | | |
| | сыртқы Интернет-порталын және ішкі Интранет-порталын | х | х | х | | |
| | Интеграциялық компонентті жасау және енгізу және интеграцияланатын мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен деректердің электрондық алмасуын интеграциялау және жүзеге асыру жөніндегі жұмыстарды жүргізу | х | х | х | х | |
| 4 | Статистикалық нысандарды электрондық форматта енгізу және қолдау | х | х | х | х | х |

1.3-мақсат. Статистикалық ақпаратты тарату жүйесін дамыту

Ескерту. 1-3-мақсаттың тақырыбы жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.30 № 1666, өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2012.12.24 № 1667, 31.12.2013 № 1485 қаулыларымен.

| Нысаналы индикатор (қол жеткізудің соңғы мерзімін ( кезеңін) көрсете отырып) | | Ақпараттың дереккөзі | Өлш. бірл. | 2009 | 2010 | Жоспарлы кезеңде | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 |
| 1 | | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1 | Мемлекеттік статистика деректеріне сенімділік деңгейі | Сауалнамалық пікіртерім | % | | 70 | 75 | 77 | 78 | 79 | 80 |
| 2 | «Мемлекеттік органдар қабылдайтын шешімдердің ашықтығы» индикаторы бойынша БҒИ рейтингіндегі айқындамасы | ДЭФ есебі | орын | | 75 | 65 | 31 | 30 | 29 | 28 |
| 3 | «Мемлекеттік қызметшілер шешімдеріндегі фаворитизм» индикаторы бойынша БҒИ рейтингісіндегі айқындама | ДЭФ есебі | орын | - | 77 | 76 | 75 | 74 | 73 | 72 |
| | | | | | | | | | | |

| | | | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 4 | «Саясаткерлерге қоғамдық сенім» индикаторы бойынша БҒИ рейтингісіндегі айқындама | ДЭФ есебі | орын | - | 35 | 34 | 33 | 32 | 31 | 30 |
| 1.3.1-міндет. Пайдаланушыларды статистикалық ақпаратпен қамтамасыз етілуін жақсарту | | | | | | | | | | |
| Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері | | Ақпараттың дерекөзі | Өлш. бірл. | 2009 | 201 0 | Жоспарлы кезең | | | | |
| | | | | | | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 |
| 1 | | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 | 10 |
| 1 | Агенттіктің интернет-ресурсына және ақпараттық-талдамалық жүйесіне статистикалық ақпаратты пайдаланушылардың кіру санын арттыру | Интернет ресурс | бірлік | 140 000 | 250 000 | 300 000 | 400 000 | 800 000 | 1200 000 | 1600 000 |
| 2 | Экономикалық қызметтің жалпы жіктеуіші мен экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімдер жіктемелерінің жаңа жүйесіне сәйкес 2009 - 1990 жылдардағы серпінділік қатарларын қайта санау | Интернет ресурс | (жылдар) | | | 4 (2006 - 2009 ) | 8 (1998 - 2005) | 8 (1990 - 1997) | | |
| 3 | ИСО 9001 стандарт талаптарына сапа менеджменті жүйесін сәйкестігін растау саны | Сертификаттаушы ұйымның аудиті бойынша есеп | Сертификат (сәйкестікті растау) | 1 | 1 | 6 | 18 | 18 | 18 | 18 |
| 4 | Ресми статистикалық ақпараттың ашықтығы мен жалпы қолжетімділігіне бағытталған, өткізілген іс-шаралардың саны | Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің қызметі туралы жылдық есеп | бірлік | | | | 15 | 15 | 15 | 15 |

| Тікелей нәтижелердің көрсеткіштеріне қол жеткізуге арналған іс-шаралар | | Жоспарлы кезеңде іске асыру мерзімі | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 |
| | 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 |
| 1 | Статистикалық ақпаратты Интернет-ресурс арқылы таратуды кеңейту | х | х | х | х | х |
| 2 | Серпінділік қатарларды салғастырымды түрге келтіру | х | х | х | х | х |
| 3 | Талдамалық зерттеу жүргізу арқылы деректерді таратуды жетілдіру | х | х | х | х | х |
| 4 | Халықтың ұлттық санағының қорытындылары бойынша статистикалық жинақтарды (серияларды) қалыптастыру және шығару | х | | | | |
| 5 | Халықтың ұлттық санағының қорытындылары бойынша талдамалық есепті дайындау | х | х | х | х | х |
| 6 | Агенттік Төрағасының қатысуымен ай сайынғы негізде брифинг өткізу | х | х | х | х | х |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| 7 | ИСО 9001 стандарттарының талаптарына сәйкес келетін сапа менеджменті жүйесін енгізу және дамыту бойынша қызмет көрсетулерді сатып алу (орталық аппарат және аумақтық органдар) | х | х | х | х | х |
| 8 | ИСО 9001 стандарт талаптарына сәйкес жұмыстарды ұйымдастыру және жүргізу (орталық аппарат және аумақтық органдар) | х | х | х | х | х |
| 9 | Мемлекеттік қызмет көрсету стандарттары мен регламенттерін әзірлеу | | х | | | |
| 10 | Ұлттық компаниялардың қаржы-шаруашылық қызметі туралы статистикалық ақпаратты қалыптастыру | х | х | х | х | х |
| 11 | Ашық есік күндерін және интернет - конференциялар өткізу | х | х | х | х | х |

## 2. Мемлекеттік органның стратегиялық бағыттары мен мақсаттарының мемлекеттің стратегиялық мақсаттарына сәйкестігі

Ескерту. 2-кіші бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2011.12.30 № 1666 Қаулысымен.

| Мемлекеттің стратегиялық бағыттары мен мақсаттары | Стратегиялық және (немесе) бағдарламалық құжаттың атауы |
|---|---|
| 1 стратегиялық бағыт. Ұсынылатын ақпараттың сапасын жақсарту<br>1.1-мақсат. Экономиканың барлық аяларын, салаларын сапалы көрсеткіштермен қалыптастыру және статистикалық деректерді түзуді оңтайландыру<br>1.2-мақсат. «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесін жасау және енгізу арқылы деректердің өңдеу жүйесін дамыту<br>1.3-мақсат. Статистикалық ақпаратты тарату жүйесін дамыту | Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 1 ақпандағы № 922 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2020 жылға дейінгі Стратегиялық даму жоспары |

# 4-бөлім. Функционалдық міндеттерді дамыту

Ескерту. 4-бөлімге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.12.06 N 1477, 2011.12.30 № 1666, 2012.12.24 № 1667; 26.08.2013 N 850 қаулыларымен.

| Стратегиялық бағыттың атауы, мемлекеттік органның мақсаттары мен міндеттері | Стратегиялық бағытты іске асыру жөніндегі іс-шаралар және мемлекеттік органның мақсаты | Іске асыру кезеңі |
|---|---|---|
| | 1) Агенттіктің құзыретіне кіретін нормативтік құқықтық актілерді өзектендіру | тұрақты |
| | 2) Қызметкерлердің біліктілігін арттыру және оларды қайта даярлау (30 адамнан кем емес) | жыл сайын |
| | 3) Қазақстан Республикасында статистика саласындағы халықаралық семинарлар өткізу | жыл сайын |
| | 4) Қызметкерлердің статистика саласында халықаралық семинарларға қатысуы | жыл сайын |
| | 5) Қызметкерлердің шетелдік статистикалық серіктестіктермен тәжірибе алмасу жөніндегі іс-шараларға қатысуы | 2011 ж. бастап |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 1-стратегиялық бағыт. Ұсынылатын ақпараттың сапасын жақсарту<br>1.1-мақсат.<br>Экономиканың барлық салаларын сапалы көрсеткіштермен қалыптастыру және статистикалық деректерді түзуді оңтайландыру 1.1.1-міндет. Статистикалық әдіснамаға халықаралық стандарттарды енгізу<br>1.2-мақсат. «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесін жасау және енгізу арқылы деректердің өңдеу жүйесін дамыту<br>1.2.1-міндет. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу, енгізу және дамыту<br>1.3-мақсат. Статистикалық ақпаратты тарату жүйесін дамыту<br>1.3.1-міндет. Пайдаланушыларды статистикалық ақпаратпен қамтамасыз етілуін жақсарту | 6) Шешім қабылдау деңгейіндегі биліктегі әйелдердің үлесін кемінде 30 % ұлғайту | тұрақты |
| | 7) Адами ресурстарды басқарудың ең үздік қағидаттары мен әдістері негізінде кадр қызметінің тиімді жұмыс істеуін қамтамасыз ету | тұрақты |
| | 8) Ұлттық бірлікті нығайтудың маңызды факторы ретінде мемлекеттік тілді дамыту | тұрақты |
| | 9) Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету | тұрақты |
| | 10) Қазақстанның статистикалық әлеуетін нығайту бойынша Дүниежүзілік Банкімен жобаны іске асыру | тұрақты |
| | 11) Халықаралық ұйымдармен өзара іс-қимыл | тұрақты |
| | 12) Агенттіктің материалдық-техникалық қорын жаңарту | қажет болған жағдайда |
| | 13) Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру кезінде жергілікті қамтуды қамтамасыз ету:<br>1) IT қызметтерінде (2011 ж. - 40%, 2012 ж. - 50%, 2013 ж. - 60%, 2014 ж. - 70%, 2015 ж. - 80%);<br>2) қораптық (лицензиялық) бағдарламалық қамтамасыз ету көлемінде (2012 ж. - 0,2%, 2013 ж. - 1,2%, 2014 ж. - 2,0%, 2015 ж. - 2,5%);<br>3) IT жабдық секторының көлемінде (2012 ж. - 1,5%, 2013 ж. - 2,2%, 2014 ж. - 3,1 %, 2015 ж. - 4,1%). | тұрақты |
| | 14) Қазақстан Республикасының ұлттық және мемлекеттік мерекелеріне, еске алу күндеріне және басқа да қоғамдық маңызды оқиғаларға арналған іс- шараларды дайындау және өткізу кезінде Қазақстанның ел бірлігі доктринасының басты қағидаттарын пайдалануды қамтамасыз ету. | тұрақты |

# 5-бөлім. Ведомствоаралық өзара іс-қимыл

Ескерту. 5-бөлімге өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.12.30 № 1666 Қаулысымен .

| Қол жеткізу үшін ведомствоаралық өзара іс-қимылды қажет ететін міндеттердің көрсеткіштері | Ведомствоаралық өзара іс-қимылы жүзеге асырылатын мемлекеттік орган | Ведомствоаралық байланыстарды орнату үшін болжанатын шаралар |
|---|---|---|
| 1-стратегиялық бағыт. Ұсынылатын ақпараттың сапасын жақсарту | | |
| 1.2-мақсат. «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесін жасау және енгізу арқылы деректердің өңдеу жүйесін дамыту | | |
| 1.2.1-міндет. Ақпараттық жүйелерді әзірлеу, енгізу және дамыту | | |
| Басқа мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен деректерді | Орталық мемлекеттік органдар | 1. Агенттіктің ақпараттық жүйелерін мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен интеграциялау |

| | | |
|---|---|---|
| электрондық алмасу үшін интеграциялау және өзара ықпалдасуын іске асыру | | Мемлекеттік органдармен деректерді электрондық алмасу |

## 6-бөлім. Тәуекелдерді басқару

| Ықтимал тәуекелдің атауы | Тәуекелдерді басқару бойынша шаралар қолданбаған жағдайда ықтимал салдарлары | Тәуекелдерді басқару бойынша іс-шаралар |
|---|---|---|
| Сыртқы тәуекелдер | | |
| Статистикалық деректерді өндіру үшін мемлекеттік органдармен жеткіліксіз өзара іс-қимылы | Статистикалық көрсеткіштерді өндіру негізі ретінде әкімшілік деректерді және мемлекеттік деректер қорын жеткіліксіз пайдалану | 1. Мемлекеттік органдардың ақпараттық жүйелерімен ақпараттық жүйелерді интеграциялау<br>2. Мемлекеттік органдармен электрондық дерек алмасу |
| Ішкі тәуекелдер | | |
| Кадрлық тәуекелдер, соның ішінде кәсіби тапшылық | Агенттіктің қызметкерлері кәсіптілігінің және тиісінше статистикалық деректері сапасының темен деңгейі | 1. Жүйелік тренингтер өткізу<br>2. Шетелдік статистикалық кеңселермен және халықаралық ұйымдармен тәжірибе алмасу |

## 7-бөлім. Бюджеттік бағдарламалар

Ескерту. 7-бөлімге өзгерістер енгізілді - ҚР Үкіметінің 2011.05.23 № 559, 2011.12.06 N 1477, 2011.12.30 № 1666, 2012.04.12 N 452, 2012.12.24 № 1667, 2012.12.29 № 1745 ( 2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі), 26.08.2013 N 850, 31.12.2013 № 1485 қаулыларымен.

## 1. Бюджеттік бағдарламалар

| | | |
|---|---|---|
| Бюджеттік бағдарлама | 001 «Статистикалық қызмет саласында және салааралық үйлестіруде мемлекеттік статистиканы реттеу жөніндегі қызметтер» | |
| Сипаттамасы | Мемлекеттік статистиканы салааралық үйлестіруді қамтамасыз ету бойынша қызмет көрсету | |
| Бюджеттік бағдарламаның түрі | мазмұнына байланысты: | Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және одан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету |
| | іске асыру тәсіліне байланысты: | Жеке |
| | Ағымдағы/дамуы | Ағымдағы |

| Бюджеттік бағдарлама көрсеткіштерінің атауы | Өлш. бірл. | Есепті кезең | Ағымдағы жылдың жоспары | Жоспарлы кезең | | | Жобаланатын кезең | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2009 | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Тікелей нәтижелердің көрсеткіштері | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Жаңа статистикалық байқауларды енгізу | бірлік | 11 | 3 | 5 | 3 | 3 | 2 | 3 |
| Халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жаңа статистикалық көрсеткіштер алу | бірлік | 97 | 48 | 33 | 17 | 22 | 10 | 7 |
| Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері Алдын-ала және есепті деректер бойынша ҰШЖ көрсеткіштерінің есептеулеріндегі номиналды айырмашылықтар | айырмашылықтар % | 7 | 6 | 5 | 4,5 | 4 | 3,5 | 3 |
| Әртүрлі әдістермен есептелген ҰШЖ көрсеткіштерінің есептеулеріндегі номиналды айырмашылықтар | айырмашылықтар % | 7 | 6 | 5 | 4,5 | 4 | 3,5 | 3 |
| Сапа көрсеткіштері Қазақстан Республикасы Статистика агенттігіне жүктелген міндеттердің уақытылы орындалуының деңгейі | % | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 |
| Тиімділік көрсеткіштері Штат санының бір бірлігін ұстауға орташа шығындар | мың теңге | 1 013 | 1 164 | 1 523 | 1 673 | 2 050 | 1 907 | 1 934 |
| Бюджеттік шығыстар көлемі | мың теңге | 3 777 070 | 4 341 130 | 4 691 641 | 5 302 199 | 5 927 692 | 6 044 142 | 6 129 864 |
| Бюджеттік бағдарлама | 002 «Статистикалық деректерді жинау және өңдеу жөніндегі қызметтер» | | | | | | | |
| Сипаттамасы | Статистикалық деректерді жинау және өңдеу жөніндегі қызмет көрсету | | | | | | | |
| Бюджеттік бағдарламаның түрі | мазмұнына байланысты: | | | Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және одан туындайтын мемлекеттік қызметті көрсету | | | | |
| | іске асыру тәсіліне байланысты: | | | Жекеше | | | | |
| | Ағымдағы/дамуы | | | Ағымдағы | | | | |
| Бюджеттік бағдарламаның көрсеткіштер атауы | Өлш. бірл. | Есепті кезең | Ағымдағы жылдың жоспары | Жоспарлы кезең | | | Жобаланатын кезең | |
| | | 2009 | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Тікелей нәтиже көрсеткіштері Статистикалық байқауларды өткізу | бірлік | 204 | 189 | 192 | 194 | 199 | 194 | 194 |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Статистикалық көрсеткіштерді өңдеу және алу | бірлік | 3824 | 3921 | 3969 | 4002 | 4100 | 4200 | 4300 |
| Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері алдын-ала және сәйкес деректер бойынша ҰШЖ көрсеткіштерінің есептеулеріндегі номиналды айырмашылықтар | айырмашылықтар % | 7 | 6 | 5 | 4,5 | 4 | 3,5 | 3 |
| Әртүрлі әдістермен есептелген ҰШЖ көрсеткіштерінің есептеулеріндегі номиналды айырмашылықтар | айырмашылықтар % | 7 | 6 | 5 | 4,5 | 4 | 3,5 | 3 |
| Сапа көрсеткіштері Мемлекеттік статистика деректеріне сенімділік деңгейін арттыру | % | | 70 | 75 | 77 | 78 | 79 | 80 |
| Тиімділік көрсеткіштері Бір байқауды жүргізудің орташа құны | мың теңге | 5 883 | 6 316 | 6 448 | 6 960 | 7 115 | 7 038 | 7 038 |
| Бюджеттік шығыстар көлемі | мың теңге | 1 200 128 | 1 200 128 | 1 236 547 | 1 259 760 | 1 380 241 | 1 365 360 | 1 365 360 |

| | | |
|---|---|---|
| Бюджеттік бағдарлама | 004 «Мемлекеттік статистика саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер» | |
| Сипаттамасы | Мемлекеттік статистика әдіснамасын жетілдіру бойынша талдамалық және ғылыми зерттеулер өткізу | |
| Бюджеттік бағдарламаның түрі | мазмұнына байланысты: | Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және одан туындайтын мемлекеттік қызмет көрсетулер |
| | іске асыру тәсіліне байланысты: | Жеке |
| | Ағымдағы/дамуы | Ағымдағы |

| Бюджеттік бағдарламаның көрсеткіштер атауы | Өлш. бірл. | Есепті кезең | Ағымдағы жылдың жоспары | Жоспарлы кезең | | | Жобаланатын кезең | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2009 | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Тікелей нәтиже көрсеткіштері Мемлекеттік статистика саласында талдамалық жұмыстар және қолданбалы ғылыми зерттеулер өткізу | бірл. | 7 | 8 | 6 | 1 | | 1 | 1 |
| Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері Мемлекеттік статистика саласында өткізілген талдамалық жұмыстар және қолданбалы ғылыми зерттеулердің саны | бірл. | 7 | 8 | 6 | 1 | | 1 | 1 |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Сапа көрсеткіштері Халықаралық стандарттарға сәйкес келетін жаңа статистикалық көрсеткіштер алу | бірл. | 97 | 48 | 33 | 17 | 22 | 10 | 7 |
| Тиімділік көрсеткіштері Бір тақырып бойынша талдамалық жұмыстар және қолданбалы ғылыми зерттеулер өткізудің орташа құны | мың теңге | 2 330 | 1 989 | 1 298 | 950 | | 3 771 | 3 424 |
| Бюджеттік шығыстар көлемі | мың теңге | 61 673 | 15 914 | 7 791 | 950 | | 3 771 | 3 424 |

| | | |
|---|---|---|
| Бюджеттік бағдарлама | | 006 «Ұлттық санақ өткізу» |
| Сипаттамасы | | Халық санағының өткізілуін қамтамасыз ету және барлық санаттар бойынша деректер алу: оларды жынысы мен жасына, неке жағдайына, ұлттық құрамына, білім деңгейіне, үй шаруашылығының көлемі мен санына, тілдерді меңгеру дәрежесіне қарай, жұмыспен қамтылу, көші-қон және басқалары бойынша бөлу. Халықтың ұлттық санағының алғашқы құжаттамасын санақ мүкәммалында сақтау үшін облыстарда үй-жайларды жалға алу. |
| Бюджеттік бағдарламаның түрі | мазмұнына байланысты: | Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және одан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету |
| | іске асыру тәсіліне байланысты: | Жеке |
| | Ағымдағы/дамуы | Ағымдағы |

| Бюджеттік бағдарламаның көрсеткіштер атауы | Өлш. бірл. | Есепті кезең | Ағымдағы жылдың жоспары | Жоспарлы кезең | | | Жобаланатын кезең | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2009 | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Тікелей нәтиже көрсеткіштері Халықтың ұлттық санағының қорытындылары бойынша статистикалық жинақтардың шығару | Сериялар бірлік | 1 | 16 | 16 | | | | |
| Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері Халықтың ұлттық санағының қорытындылары бойынша талдамалық есепті дайындау | есеп | | | 1 | | | | |
| Сапа көрсеткіштері Қазақстан Республикасының халық санағы бойынша іс-шараларды орындау | % | 100 | 100 | 100 | 100 | | | |
| Тиімділік көрсеткіштер Қаражат игеру деңгейі | % | 100 | 100 | 100 | 100 | | | |
| Бюджеттік шығыстар көлемі | мың теңге | 3 256 950 | 15 386 | 44 066 | 1 180 | | | |

| | | |
|---|---|---|
| Бюджеттік бағдарлама | 007 «Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің күрделі шығыстары» | |
| Сипаттамасы | Күрделі шығыстар | |
| | мазмұнына байланысты: | Күрделі шығыстарды іске асыру |
| | іске асыру тәсіліне байланысты: | Жеке |
| | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Бюджеттік бағдарламаның түрі | Ағымдағы/дамуы | | Ағымдағы | | | | | |
| | | | | | | | | |
| Бюджеттік бағдарламаның көрсеткіштер атауы | Өлш. бірл. | Есепті кезең | Ағымдағы жылдың жоспары | Жоспарлы кезең | | | Жобаланатын кезең | |
| | | 2009 | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Тікелей нәтиже көрсеткіштері аумақтық статистика органдарының ғимараттарына, үй-жайлары мен құрылыстарына күрделі жөндеу жүргізу | бірлік | | 3 | 5 | 2 | 6 | 7 | 7 |
| Орталық аппарат пен оның аумақтық органдары үшін есептеуші техникасы, жабдықтар, жиһаз, көлік және материалдық емес активтерді сатып алу | % | | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 |
| Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері Ғимараттарды, үй-жайлар мен құрылыстарды жөндеумен қамтамасыз ету | бірлік | | 3 | 5 | 2 | 6 | 7 | 7 |
| Техникалық, коммуникациялық, есептеуіш және өзге де жабдықтарды жаңарту және сатып алу | % | | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 |
| Сапа көрсеткіштері Статистика органдарының қызметкерлеріне жағдай жасау, соның ішінде: Техникалық, коммуникациялық, есептеуіш және өзге де жабдықтарды жаңарту және сатып алу, есептеуіш және ұйымдастыру техника құралдарының үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету есебінен материалдық-техникалық базасын, қызметкерлердің еңбек жағдайларын жақсарту | % | | 70 | 70 | 60 | 50 | 50 | 50 |
| Тиімділік көрсеткіштері Қаражатты игеру деңгейі | % | | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 |
| Бюджеттік шығыстар көлемі | мың теңге | - | 56 894 | 213 115 | 637 153 | 264 704 | 285 816 | 305 823 |
| Бюджеттік бағдарлама | 009 «Статистикалық деректерді тарату жөніндегі қызметтер» | | | | | | | |
| Сипаттамасы | Статистикалық деректерді тарату жөнінде қызмет көрсету | | | | | | | |
| Бюджеттік бағдарламаның түрі | мазмұнына байланысты: | | Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және одан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету | | | | | |
| | іске асыру тәсіліне байланысты: | | Жекеше | | | | | |
| | Ағымдағы/дамуы | | Ағымдағы | | | | | |
| Бюджеттік бағдарламаның көрсеткіштер атауы | Өлш. бірл. | Есепті кезең | Ағымдағы жылдың жоспары | Жоспарлы кезең | | | Жобаланатын кезең | |
| | | 2009 | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 |

| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Тікелей нәтиже көрсеткіштері Агенттіктің интернет-ресурсына және ақпараттық-талдамалық жүйесіне статистикалық ақпаратты пайдаланушылардың кіру санын арттыру | бірлік | 140 000 | 250 000 | 300 000 | 400 000 | 800 000 | 1200 000 | 1600 000 |
| Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері Мемлекеттік статистика деректеріне сенімділік деңгейі | % | | 70 | 75 | 77 | 78 | 79 | 80 |
| Сапа көрсеткіштері Статистикалық жұмыстар жоспарына сәйкес статистикалық ақпаратты уақытылы тарату | % | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 |
| Тиімділік көрсеткіштері Қаражат игеру деңгейі | % | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 | 100 |
| Бюджеттік шығыстар көлемі | мың теңге | 114 055 | 92 872 | 89 651 | 77 818 | 69 035 | 87 316 | 87 316 |

| | | |
|---|---|---|
| Бюджеттік бағдарлама | 011 «е-Статистика» интеграцияланған ақпарат жүйесін құру және дамыту» | |
| Сипаттамасы | Ақпараттық жүйені құру | |
| Бюджеттік бағдарламаның түрі | мазмұнына байланысты: | Бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру |
| | іске асыру тәсіліне байланысты: | жеке |
| | Ағымдағы/дамуы | даму |

| Бюджеттік бағдарламаның көрсеткіштер атауы | Өлш. бірл. | Есепті кезең | Ағымдағы жылдың жоспары | Жоспарлы кезең | | | Жобаланатын кезең | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2009 | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Тікелей нәтиже көрсеткіштері | | | | | | | | |
| Статистикалық нысандарды электрондық түрге ауыстыру | бірлік | | 53 | 63 | 73 | 125 | | |
| Басқа мемлекеттік органдардың АЖ-сымен деректерді электрондық алмасу үшін интеграциялау және өзара іс-қимылдар | бірлік | | 5 | 12 | 2 | 6 | 3 | 2 |
| Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері | | | | | | | | |
| «е-Статистика» интеграцияланған ақпараттық жүйесінің енгізілген компоненттерінің саны | бірлік | | | 2 | 4 | 8 | | |
| Әкімшілік дереккөздермен өзара іс-қимыл үдерістерін автоматтандыру деңгейі | % | 12 | 33 | 83 | 91 | 95 | 100 | |
| Сапа көрсеткіштері | | | | | | | | |
| Статистика агенттігінің интернет-ресурсында статистикалық ақпаратты пайдаланушылардың өтініштер санының артуы | бірлік | | 250 000 | 300 000 | 400 000 | 500 000 | 600 000 | 700 000 |
| Мемлекеттік статистика деректеріне сенімділік деңгейінің жоғарлауы | % | | 70 | 75 | 77 | 78 | 79 | 80 |
| | | | | | | | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Тиімділік көрсеткіштері Ақпараттық жүйені әзірлеу мен енгізудің орташа құны | мың теңге | | | 452 000 | 385 678 | 101 060 | | |
| Бюджеттік шығыстар көлемі | мың теңге | | 34 000 | 820 010 | 894 918 | 551 624 | | |

| | | | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| Бюджеттік бағдарлама | 012 «Қазақстан Республикасының ұлттық статистика жүйесін нығайту» | | | | | | | |
| Сипаттамасы | Қазақстан Республикасының ұлттық статистика жүйесін нығайту | | | | | | | |
| Бюджеттік бағдарламаның түрі | мазмұнына байланысты: | | | Мемлекеттік функцияларды, өкілеттіктерді жүзеге асыру және одан туындайтын мемлекеттік қызметтерді көрсету | | | | |
| | іске асыру тәсіліне байланысты: | | | Жеке | | | | |
| | ағымдағы дамуы: | | | Ағымдағы | | | | |
| Бюджеттік бағдарламаның көрсеткіштер атауы | Өлш. бірл. | Есепті кезең | Ағымдағы жылдың жоспары | Жоспарлы кезең | | | Жобаланатын кезең | |
| | | 2009 | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 |
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 | 6 | 7 | 8 | 9 |
| Тікелей нәтиже көрсеткіштері. Қазақстанның статистикалық әлеуетін нығайту бойынша Дүниежүзілік банкпен бірге жобаны іске асыру жөніндегі іс-шараларды орындау | % | | | | 100 | 100 | 100 | 100 |
| Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері: Ұлттық статистика жүйесін нығайту жөніндегі жобаны іске асыру деңгейі | бірл. | Орындалған жұмыстың % | | | 6 | 39 | 73 | 95 |
| Түпкілікті нәтиже көрсеткіштері | | | | | | | | |
| Сапа көрсеткіштері Мемлекеттік статистика деректеріне сенімділік деңгейінің жоғарылауы | % | | | | 77 | 78 | 79 | 80 |
| Тиімділік көрсеткіштері Қаражат игеру деңгейі | % | | | | 100 | 100 | 100 | 100 |
| Бюджеттік шығыстар көлемі | мың теңге | | | | 327 934 | 539 941 | 1 019 309 | 473 671 |

## 2. Бюджеттік шығыстардың жиыны

Ескерту. 2-кіші бөлім жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 2012.12.29 № 1745 ( 2013.01.01 бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 26.08.2013 N 850, 31.12.2013 № 1485 қаулыларымен.

| Көрсеткіштерінің атауы | өлш. бірл. | Есепті кезең | Ағымдағы жылдың жоспары | Жоспарлы кезең | | | Жобаланатын кезең | |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | 2009 | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 | 2015 |
| Бюджеттік шығыстардың БАРЛЫҒЫ | мың теңге | 8 470 936 | 5 756 324 | 7 102 324 | 8 501 912 | 8 733 237 | 8 805 714 | 8 365 458 |
| Ағымдағы бюджеттік бағдарламалар | мың теңге | 8 409 876 | 5 722 324 | 6 282 811 | 7 606 994 | 8 181 613 | 8 805 714 | 8 365 458 |
| 001 «Статистикалық қызмет саласында және салааралық үйлестіруде мемлекеттік статистиканы реттеу жөніндегі қызметтер » | мың теңге | 3 777 070 | 4 341 130 | 4 691 641 | 5 302 199 | 5 927 692 | 6 044 142 | 6 129 864 |
| 002 «Статистикалық деректерді жинау және өңдеу жөніндегі қызметтер » | мың теңге | 1 200 128 | 1 200 128 | 1 236 547 | 1 259 760 | 1 380 241 | 1 365 360 | 1 365 360 |
| 004 «Мемлекеттік статистика саласындағы қолданбалы ғылыми зерттеулер» | мың теңге | 61 673 | 15 914 | 7 791 | 950 | | 3 771 | 3 424 |
| 006 «Ұлттық санақ өткізу» | мың теңге | 3 256 950 | 15 386 | 44 066 | 1 180 | | | |
| 007 «Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің күрделі шығыстары» | мың теңге | | 56 894 | 213 115 | 637 153 | 264 704 | 285 816 | 305 823 |
| 009 «Статистикалық деректерді тарату жөніндегі қызметтер» | мың теңге | 114 055 | 92 872 | 89 651 | 77 818 | 69 035 | 87 316 | 87 316 |
| 012 «Қазақстан Республикасының ұлттық статистика жүйесін нығайту» | мың теңге | | | | 327 934 | 539 941 | 1 019 309 | 473 671 |
| Даму бюджеттік бағдарламалары | мың теңге | 61 060 | 34 000 | 820 010 | 894 918 | 551 624 | | |
| 003 «Мемлекеттік статистика органдарының ақпараттық жүйесін құру» | мың теңге | 61 060 | | | | | | |
| 011 «е-Статистика» интеграцияланған ақпарат жүйесін құру және дамыту» | мың теңге | | 34 000 | 820 010 | 894 918 | 551 624 | | |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК